

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Ғылыми кітапхана**

**Министерство образования и науки РК
Западно-Казахстанский университет им М. Утемисова
Научная библиотека**

**ЖӘЛЕЛ
СЫРЫМҰЛЫ
СЫРЫМ**

Орал, 2021

ББК 91.9:74
С 96
УДК 016:929

Сырым Жәлел Сырымұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш. - Орал: М. Өтемісов ат. БМУ РБО, 2021. – 84 б.

Ұсынылған биобиблиографиялық көрсеткіш педагогика ғылымдарының кандидаты, БҚУ профессоры Жәлел Сырымұлы Сырымға арналған.

Библиографияға ғалымның өмірі мен ғылыми қызметін сипаттайтын мәліметтер, еңбектері мен ол туралы жазылған дүниелер 2021 жылғы көрсеткіш материалдарында хронологиялық әріптермен енгізілген.

Көрсеткіш ғаламдарға, ізденушілерге, студенттерге, оқытушыларға, көзі қырақты көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 91.9:74

ПРОФЕССОР, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ СЫРЫМ ЖАЛЕЛ СЫРЫМҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ, ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Мен, Сырым Жалел Сырымұлы 1946 жылы 14 маусымда Қаратөбе ауданының Темірбек ауылында дүниеге келдім. Әкем Сырымов Қамқа (шын аты Қабай) Қаратөбе ауданының Крупская колхозында шопан болып жұмыс жасады. Әкем үш ағайынды. Ағасы Мұса. Жолдасы Жамила. Жасауи, Дәмелі, Дәмеш деген балалары болған. Жасауи жас кезінде қайтыс болған. Дәмелі, Дәмеш ұл – қыз тәрбиелеп отыр. Әкемнің інісі Қожахмет 1916 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері. Тоқсанның үстіне шығып қайтыс болды. Бір ұлы, үш қызы бар. Ұлы Мақсот. Кіші қызы Полина екеуі Оралда тұрады. Екі қызы Тараз қаласында тұрады. Қожахмет (Қожақай) жас кезінде ағаларын – Мусаны – Мусан деп, ал Қабайды Қамқан деп атаған. Қамқаннан Қамқа болып атап кеткен. Бұл жөнінде әкем қайтыс боларының алдында айтты. Анам Сыримова Разы Бейсенбайқызы. Байбақты руынан. Байторының жазығы. Әке – шешеміз көп балалы болған. Үлкен ағам Махмуд Ұлы Отан соғысына қатынасқан. Соғыстан кейін Берлин қаласында әскери училищесін бітіріп, әртүрлі қалаларда әскери қызметтерде болған (Берлин, Грозный, Нальчик, Биробиджан, Совгавань, Комсомольск на Амуре, Шымкент, Жанатас, Ақтөбе, Орал қалаларында). 1952 жылы Фатима Гильман қызы Гизатулинаға үйленген. Қызы – Ляззат. Оның жолдасы Менжан. Екеуі де математика пәнінің мұғалімдері. Қызы – Динара. Махмуд ағам 2006 жылы дүние салды. Екінші ағам Қатжан 1929 жылы дүниеге келген. 1991 жылы қайтыс болды. Жолдасы Әсима (1936 жылы туған). Үш ұл, үш қыз тәрбиелеген. Балалары Ислам, Әзірбай Оралда тұрады. Оларда бала тәрбиелеп отыр. Қыздары Әзина, Өкила тұрмыста. Оралда жұмыс жасайды. Ғұсман мен Әлия Қаратөбе ауданының Соналы ауылында тұрады. Апам Қапиза Омаров Жетпісбаймен семья құрды. Он балалары бар. Орал қаласында тұрады. Қарындасым Жаннат Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде физика және математика кафедрасында математика пәнінен сабақ береді. Үш баласы бар. Жолдасы Жанболат 2007 жылы қайтыс болды.

1953 жылы Темірбек ауылындағы бастауыш мектепке бардым. Бірінші сыныпта Хасанғалиев Елсу деген мұғалім сабақ берді. Ескендір Хасанғалиевтің ағасы. Сабақты үздік оқыдым. Оның себебі, кішкентайымнан зерек болдым. Қой мен қозыларды жаңылмай табыстыратын едім.

Екінші сыныпты Темірбек ауылында бастап, Аққозы совхозының үшінші бөлімшесінде жалғастырдым. Темірбекте мұғалім болып Әсет

Төлегенов жұмыс жасады. Ол кісі соғыс ардагері, 1923 жылы туған. Қазір Алматы қаласында тұрады. Аққозы совхозында мұғалім болып Ығылов Амангелді істеді. Мектепке қыста 3 шақырым жерден келіп оқыдым. Ал жаз кезінде 7 шақырым жерден келіп оқыдым. Сабақ түсқайта басталатын. Сабақтан шыққанда кеш түсіп қалатын.

Үшінші сыныпты Қалдығайты орта мектебінде жалғастырдым. Сейдахметов Шәбіл деген мұғалім сабақ берді. Жатақханада 8-9-10 сыныптың оқушыларымен тұрдым. Тамақ жағы нашар болды. Төртінші сыныпта Соналы жетіжылдық мектебінде оқыдым. Жұмаев Сапиолла деген мұғалім сабақ берді. Денсаулығым байланысты 4 сыныпты екінші жылы жалғастыруыма тура келді. Соналы жеті жылдық мектебін үздік бітірдім. Мектепте математика пәнінен Ергазиева Гүлшат, Оразалин Ыбырай сияқты білімді мұғалімдер сабақ берді. Ал, тарих, география және неміс пәнінен сабақ берген Ерғалиев Қажжан деген ұстаздық орны бөлек еді. Мектепте директор болып Нығыметов Задагерей, Зекенов Смайыл жұмыс жасады. Сыныпта 8 оқушы болдық. Сабақты күнбе – күн сұрайтын. Сондықтан сабаққа әрқашан әзірленіп келу қажет болды. 1961 жылдан бастап білімімді Орал қаласындағы №11 мектепте жалғастырдым. Мектеп директоры Жәлел Самарқанов математика пәнінен сабақ берді. Ағылшын пәнінен Любовь Яковлевна Фишбейн, химия пәнінен Галина Махмудовна Байбурина, физика пәнінен Ғұмар Мажитович және т.б. мұғалімдер сабақ берді. Мектепте оқып жүргенде математика, физика пәнінен олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болдым. Мектепті 1965 жылы бітіргеннен соң мамандық таңдау қажет болды. Жастық арман қуалап КазГУ – дың математика – механика факультетіне емтихан тапсырдым. Математика жазбаша – 4, ауызша – 5, физика – 5, орыс тілі – 4 бағалар алып, конкурстан өте алмадым. Сол бағамен келіп Орал педагогика институтына келіп физика мамандығы бойынша оқуға түстім. Институтта өте жақсы оқыдым. Институтты үздік бітіріп, жалпы физика және физиканы оқыту кафедрасының оқытушысы болып жұмысқа қалдым. Жұмыс жасап жүргендегі басты мақсатым аспирантуралық оқуға түсу болды. 1971 жылы Ташкент және Алматы қалаларындағы университеттерде білім жетілдіру курстарында оқыдым. Алматыда жүргенде аспирантура жөнінде ғалымдармен әңгімелестім. Қазақстан ғылым академиялық философия институтында профессор Ж.М.Абдильдинмен ақылдасып, екі жыл стажировкаға келу керектігін білдім. Ғылым академиясының математика және механика институтында, ғылым кандидаты Н.Ж.Жұбаевпен сөйлесіп тағы да екі жыл стажировкаға келу қажеттігін білдім.

1973 жылы семья құрдым. Жолдасым Рауила. Үш бала тәрбиеледік. Бірінші бала Расул – дәрігер. Диагностикалық орталықтың директоры. Екінші немере Карим - №42 мектепте 7 – сыныпта оқиды. Ал Али – Мухаммед балабақшаға барады. Жолдасы – Ляззат. Центр Кредит банкте жұмыс жасайды. Үлкен ұлдары Диас Ақтөбе қаласындағы медициналық

академияда оқиды. Екінші ұлым Ахмед. Адвокат болып жұмыс жасайды. Жолдасы Жаңыл. Көз дәрігері. Екі ұлдары бар. Үлкені Даниял төртінші сыныпта оқиды. Оқу үздігі. Ал Дінмұхамед 5 жаста. Дидар МАИ қызметкері.

1975 жылы Москва қаласындағы КСРО Педагогика ғылымдары Академиясына стажировкаға бардым. Онда физика – математика ғылымдарының кандидаты, доцент Усанов Вениамин Владимирович жетекшілік етті. Стажировка физикадан практикалық сабақтар өткізген кезде оқушылардың білімін, іскерлігін және дағдысын қалыптастыру деген тақырып бойынша жұмыстандым. Алғашқы мақала жазуға тура келді. Тақырыпты жетекші берді. Алты беттік мақала жаздым. Мақаланың негізі болып №315 мектепте жүргізілген педагогикалық эксперимент болып табылды. Жетекші бірінші тексеру кезінде мақаланың тақырыбын түзетіп, қайтадан жазуды талап етті. Келесі тексеруде бірінші бетті толық түзетіп, осылайша жетекшіге жеті рет келуге тура болдым. Мақала танымастай өзгерді. Бірінші мақала баспадан шықты. Аспирант Нұрсапар екеумізге Педагогика ғылымдары академиясының мақалаларымызға сыйлығы берілді.

Келесі жылы аспирантураға түстім. Онда жетекшілер болып физика – математика ғылымдарының докторы, профессор, М.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің коллоиды химиясы кафедрасының меңгерушісі Щукин Евгений Дмитриевич пен Усанов Вениамин Владимирович тағайындалды. Оқудың қиын кезеңі басталды. Күнбе – күн В.И.Ленин атындағы мемлекеттік кітапханаға бару қажет болды. Бұндағы жазылған диссертациялармен танысу барысында менің тақырыбым бойынша бұған дейін 20 диссертация қорғалғаны белгілі болды. Профессор Е.Д.Щукин сенің диссертацияң 21 - диссертация болады деді. Одан әрі қарай тақырып бойынша жұмысымды жалғастыруымды талап етті. Сенің диссертацияңның ерекшелігі реологиялық тәсілді пайдалану болып табылады деді. Осылайша, «Орта мектепте физиканы оқыту барысында конденсацияланған жүйелердің механикалық қасиеттерін оқып үйрену» деген тақырып бойынша жұмыстану қажет болды. Жетекшім алдыма талап қоя білді. Аспирантурада оқитын үш жылда мені көп мазаламайсың деді. Себебі, ол кісінің жұмысы көп еді. КСРО ғылым академиясында лаборатория меңгерушісі, МГУ – де кафедра меңгерушісі. Педагогика ғылымдары Академиясында жұмыс жасады. Аспиранттарға жетекшілік етті. Диссертацияның план - проспектісін өз қолымен жазып берді. Екінші қойған талабы – менің атымнан белгілі ғалым – әдіскерлерге барып кеңес алуымды сұрады. Уақыт өтіп жатты. Тақырыбым физиканы оқыту әдістемесі болғандықтан Москва қаласының мектептерінде сабақ беруге тура келді. Ол №628 мектеп еді. Алғашқы сабаққа келгенімде оқушылар ерекше таң қалды. Себебі, сабақ беріп тұрған алғашқы қазақ едім. Оқушыларға Қазақстаннан келдім деп түсіндіре алмадым. Олар тек өзбектерді білді. Осылайша оқу жалғасын тауып жатты. Басқа да

мектептерде сабақ беруге тура келді (№315 мектеп). Нәтижесінде ғылыми мақалалар шыға бастады.

Сонымен аспирантураға арналған үш жылда аяқтала бастады. 1980 жылы Москва Олимпиадасы ашылуы тиіс болды. Соған байланысты Москва қаласының халқының санын азайту керек болды. Диссертацияны уақытынан бұрын қорғауға тура келді. Диссертацияның авторефераттары әртүрлі университеттерге, кітапханаларға үлестірілді. Диссертацияның сыртқы ұжымы болып Беларуссия Педагогикалық ғылым академиясы тағайындалды. Олар диссертацияға жақсы пікір жазды. Оппоненттер болып педагогика ғылымдарының докторы, профессор Пинский А.А., педагогика ғылымдарының кандидаты Коварский Ю.А. тағайындалды. Маусым айының 6 – күні диссертацияны үздік қорғап шықтым. ВАК – ке қажет құжаттар тапсырылды. 19 маусымда Оралға келдім. Ертеңіне тума – туысқандар үйге келіп мәре – сәре болып қалдық.

Орал педагогика институтында физиканы оқыту методикасынан алғаш рет кандидаттық диссертация қорғаған мұғалім болдым. Институттағы жұмыс басталып кетті. 1965 және 1969 жылдары пединститутта оқыған кезде ректор болып доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Виктор Кузьмич Сидоров жұмыс жасады. Сол кісі мені жұмысқа алды. Өте мәдениетті адам еді. Жағдайымды айтып барған соң екі бөлмелі пәтер берді. Осылайша ұжымдық жұмыс басталып кетті. Институтта оқу жүктемем 1000 сағатқа дейін жететін еді. Ауырып қалған мұғалімдерді алмастыру тағы бар еді.

Кафедра меңгерушісі болып Сатыбаев Надир Меңдіғалиевич жұмыс жасады. Декан – Данилов Михаил Александрович болды. 1971 жылы Ташкент, Алматы қалаларында стажировкадан өттім. Стажировкадан келгенде декан болып Байгузов Николай Степанович, кафедра меңгерушісі болып Шахов Борис Павлович істеді.

Жұмыс жасап жүргенде алдыма тек бір мақсат қойдым. Ол аспирантураға түсу еді.

Институтта жұмыс жасап жүргенде шет тілінен, философия пәнінен курстарға қатыстым. Кандидаттық минимумды тапсырдым. 1976 жылы целевой аспирантураға орын алып оқуға түстім. Оқу мерзімі өте қызықты өтті. Үнемі ізденіс. Оқыған кезде ағам Қатжан, нағашым Алдоңғар өте жақсы көмектесіп тұрды. Бөлем Жұмашайдың да көмегі болды. Досым Тілеужанның да көмегі зор болды. Диссертацияны қорғар алдында қызық жайт болды. Жетекші профессор Щукин Е.Д. диссертация бойынша материалдарымды көрсетуімді талап етті. Қорғауға қатысты мәселе шешілуге тиіс еді. Таңертең ертемен такси алып, жетекшіме келдім. Ол кісі әлі тұрмаған екен. Материалдарды тексеру басталды. Бір кезде жетекшімнің түрі өзгеріп, «молодой человек я вами возмущен» деді. Мен еш нәрсені түсінбедім. Евгений Дмитриевич «что случилось?» дей бердім, бір уақыттан кейін сабасына түсіп, былай деді: «Мен сенің 3 жылдан бері ғылыми жетекшіңмін, неге бірде – бір мақалаңда менің фамилиям жоқ»

деді. Сол кезде мәселені тез түсініп, кешіріңіз бәрі түзетіледі деп, шығып кеттім.

Институтқа келіп мақалаларымды топтастырып, жетекшім екеуміздің 100 бетке жуық еңбегімді шығардым. Соны көрсеткеннен кейін диссертацияны қорғауға жіберу мәселесі шешілді. 1980 жылдың 6 маусымында диссертация қорғалды. Қорғаудың алдында жетекшім диссертациялық совет мүшелерінің бәрімен амандасып, аспирантының қорғайтындығын хабарлады. Қорғауға ағам Махмуд, жолдасым Рабила және балаларым Расул мен Ахмед келді. Қорғау басталған соң Ахмед жылай бастады. Олар сыртқа шығып кетті. Қорғау барысында залға көзім түссе ағам жылап отыр екен. Көңілім бұзылып кетті. Қорғау өте жақсы өтті. Дауысты есептеу комиссиясының төрайымы Бруновты дауыс беру нәтижесімен келе жатқанда қолымдағы бар гүлді сол кісіге беріп жібердім. Ол совет мүшелеріне үлестіру керек еді. Совет мүшелерінің 14-і де оң дауыс беріп, педагогика ғылымдарының кандидаты деген атақ берілді.

Диссертацияның үздік қорғалғаны жөнінде институт ректоры Е.А.Агелеуовқа хабарлады. Келесі күні Оралдан құттықтау телеграмманы алдым.

Сонымен бірге Арқалық педагогикалық институтының ректоры Башаров Рахметолладан құттықтау телеграммасын алдым. Ректор институттың физиканы оқыту кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеуге шақырғандығын және 4 бөлмелі пәтер беретіндігін хабарлады. Үйдегілер ол жаққа баруға қарсы болды. Кейіннен Қазақ педагогикалық институтының физиканы оқыту кафедрасының меңгерушілігіне шақырылдым. Онда да бара алмай қалдым. Институттағы жұмыс жалғасын тауып жатты. институтқа ректор болып, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Сатыбалдыұлы келді. Ол кісімен де түсінісіп жұмыс жасадық. Институт кәсіподақ комитетінің төрағасының орынбасары болып жұмыс жасадым. Доктор диссертациямен айналысуыма мүмкіндік жасады. Институтқа келесі ректор болып философия ғылымдарының докторы, профессор Рахметов Қиясиддин Жұқалтаевич келді. Өте мәдениетті, жуас кісі еді. Кәсіподақ комитеті төрағасы болып сайланды. Өте қиын кезең еді. Тамақ, киім профком арқылы берілді. Мұғалімдерге кооперативті пәтерлер жеке үйлер берілді. Ол жұмыста жас мамандарды ұстап тұруға мүмкіндік жасады. Келесі ректор болып Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы сайланды. Одан кейін университет ректор болып профессор Дамитов Б. К. тағайындалды. Ауылшаруашылығы институты, педагогика және мәдениет институттары біріктілді. Тың өзгерістер басталды. Кредиттік оқу жүйесі енгізілді. Бір жылға жуық уақыт ректор болып профессор Сдыков М.Н. жұмыс жасады. Қайтадан ректор болып Рысбеков Т.З. жұмыс істеді. Ол кісінің зейнеткерлікке шығуына байланысты конкурс жарияланып ректор болып Асхат Сәлімұлы Иманғалиев тағайындалды. Ол кісінің жұмысқа тағайындалуымен жаңа серпін келді. Мәселелер мәдениетті жолдармен шешіле бастады. Кадр

мәселесі де ойдағыдай шешілді. Студенттер мен мұғалімдердің шетелде білім алуына жағдай жасалды.

Университеттің физика және математика кафедрасы өзгерістерге ұшырады. Біріктірілді, ажыратылды, СХИ – дың физика және математика кафедрасымен қосылды. Кафедра меңгерушілері ауыстырылып отырды. Соңғы жылдары кафедраны, факультетті, институтты доцент Г.К.Жүсіпқалиева басқарды. Ол кісі мәдениетті түрде ұжым басқара білді. Қазір университеттің оқу – әдістемелік проректоры болып қызмет атқарады.

Қазіргі кезде кафедрада студенттерге «Механика», «Оптика» сабақтарынан дәріс беремін. Магистранттарға әртүрлі пәндерден сабақ беремін. Сонымен қатар, дипломдық, диссертациялық жұмыстарға жетекшілік етемін.

Жұмыс істеген 50 жылға уақыт ішінде он шақты студенттік топқа куратор болдым. Оларға білім, тәрбие бердім. Осы кезеңде ерекше есте қалған студенттерді атап өтуге болады. Аудандарда, облыстық білім басқармасында, облыстық әкімдікте жұмыс жасаған Максим Қадырбаевты, қалалық әкімдікте жұмыс жасайтын Сайран Дүйсентегін, Ақтөбе мемлекеттік университетінде жұмыс жасайтын физика және математика ғылымдарының кандидаты Ерғали Құрманғалиевті, облыстық білім жетілдіру институтының директорының орынбасары Елдос Сафиулинді, ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкері Айбар Абсатаровты, физика – математика факультетінің деканы Медешова Айгүл Бақтығалиқызын, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу – әдістемелік ісі жөніндегі проректоры Жүсіпқалиева Г.К., Назарбаев университетінің аға – ғылыми қызметкері физика және математика ғылымдарының PhD докторы Жакиев Н.К. және т.б.



СЫРЫМ ЖАЛЕЛ СЫРЫМҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛЕСТЕРІ

Сырым Жалел Сырымұлы 1946 жылы 14 маусымда Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы Темірбек аулында дүниеге келген.

- 1946 ж.** 14 маусымда Орал облысы, Қаратөбе ауданында дүниеге келген
- 1969 ж.** А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын тәмәмдады
- 1969-1976 жж.** А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының жалпы физика және физика пәнін оқытудың әдістемесі кафедрасының оқытушысы
- 1976-1980жж.** Мәскеудегі Ғылыми – зерттеу институтының аспирантурасында оқиды
- 1980 ж.** «Орта мектептің физика курсына конденсацияланған жүйелердің механикалық қасиеттерін оқыту» тақырыбына диссертация қорғады
- 1980 ж.** Педагогика ғылымдарының кандидаты
- 1980 ж.** Кафедрасының аға оқытушысы
- 1985 ж.** Жалпы физика кафедрасының доцент ғылыми атағы берілді
- 1989-1991 жж.** А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының профсоюз комитетінің төрағасы
- 1992 ж.** Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің кафедра оқытушысы
- 1996-1999 жж.** БҚМУ «Физика» кафедрасының профессоры

2003 ж.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Жалпы
физика және физика пәнін оқыту
әдістемесі» кафедрасының доценті

ӨМІР БЕЛЕСТЕРІ

I ФОТОСУРЕТТЕРДЕ



Жәлел Сырымұлының
жанұясы

Ағалары Махмуд пен Қатжан



Ағасы Махмуд пен
жеңгесі Фатима,
қарындасы Жаннат,
Ләззат





Талапкер Жәлел Сырымұлы, Алматы, 1965 жыл



Студенттік құрылыс жасағы, Янайкино ауылы, 1967 жыл



Куратор - жас оқытушы Ж.Сырымұлы, 1972 жыл



Ж.Сырымұлы – КСРО педагогика ғылымдарының академиясының аспиранты, Мәскеу, 1976 жыл



УСПЕШНАЯ ЗАЩИТА

Решением специализированного совета НИИ содержания и методов обучения АПН СССР (г. Москва) от 6 июня 1980 г. присуждена ученая степень кандидата педагогических наук старшему преподавателю кафедры общей физики и методики преподавания физики Камкиеву Жалелу Сырымовичу.

Ж. С. Камкиев окончил с отличием в 1969 г. физико-математический факультет нашего института и был оставлен преподавателем кафедры общей физики и МПФ. При прохождении научной стажировки в лаборатории обучения физике НИИ СМО АПН СССР проявил склонность к научно-исследовательской работе и был принят в аспирантуру. Ж. С. Камкиев выполнил исследование на тему «Изучение механических свойств конденсированных систем в курсе физики средней школы». Диссертация выполнена под



руководством члена-корреспондента АПН СССР, доктора физико-математических наук, профессора Е. Д. Шукина и кандидата физико-математических наук, доцента В. В. Усанова. Официальные оппоненты доктор педагогических наук А. А. Пинский и кандидат педагогических наук В. Ф. Шилов и ведущая организация НИИ педагогики МП БССР дали положительные отзывы на работу молодого ученого.

Специализированный совет отметил актуальность проблемы и весомый вклад, который внесла работа диссертанта в дальнейшее развитие методики преподавания физики.

Результаты исследования опубликованы в десяти работах. Пропагандируя идеи своего научного исследования, Ж. С. Камкиев проводил экспериментальную работу в школах Москвы и Московской области, Уральска и сельских школах Приуралья, выступал с лекциями в Московском и Уральском институтах усовершенствования учителей.

Кафедра общей физики и МПФ поздравляет своего коллегу с защитой диссертации и желает успешной педагогической и научной работы.

А. КУЗЬМИЧЕВА,
заведующая кафедрой общей физики и методики преподавания физики, доцент.

М.К.Нұрмухамбетованың жеке кітапханасынан, 1980 жыл



Жеңіс күні, 1988 жыл



Бұдан 10 жыл бұрын



Бауыры Әзірбайдың
50 жасында, 2006 жыл

Бурабай санаториясы, 2008 жыл





Табиғат аясына серуен

Той – көңілдің ажары, 2011 жыл



Ахмед университет бітірген кез,
2000 жыл

Демалыс кезінде, 2016 жыл



Немерелер – өмірдің жалғасы

Расулдың балалары

Диас



Кәрім



Әли-
Мұхамед



Ахмедтің балалары Даниял мен Дінмұхамед



Ж. СЫРЫМҰЛЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕР

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ...

1915 жылдан бері азаматтық «Тар жол тайғақ кешу» кезеңдерін бастан өткізіп келе жатқан Жәлел Самарқанұлының өмір жолы жастарға өнеге. Ол қазіргі Сырым ауданының Қособа ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келді.

1925 жылы алғаш рет мектеп табалдырығынан аттаған Жәкең 1939 жылы Орал педагогикалық институтының физика – математика факультетін ойдағыдай бітіріп, Орда орта мектебіне жолдама алады.

Мінеки, 1939 жылдың қыркүйегінен басталған Ж.Самарқановтың ұстаздық, тәлімгерлік өмір жолы күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Ал, осы мерзімнің ішіндегі үш жылға созылған сұрапыл кезең бір басқа...Соғыс басталған кезде Жәкең Ленинград қаласындағы бір жылдық саяси – әскери командалық курсын бітірген-ді.

Неміс басқыншыларына қарсы соғыста Жәлел Самарқанұлы атқыштар взводының, ротасының командирі, батальон командирінің орынбасары, кейіннен әйгілі саяси – соғыс айыпкер ротасының командирі қызметін атқарады. Осы кезеңде ол төрт рет (екі рет жеңіл және ауыр) жарақатталды. Ленинград қаласының қоршауын бұзып – жарып өту кезінде өте ауыр жарақаттанып, госпитальда емделгеннен кейін, қайтіп ұрысқа жарамсыз болғандықтан туған жеріне оралып, сүйікті оқыту майданына араласты.

Жәлел Самарқанұлы халық ағарту ісінің қай саласында қызмет атқарса да, өте жақсы нәтижеге жете білді. Соның куәсі болып, оның атқарған жауапты қызметтері облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Орал педагогика училищесінің директоры, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры және т.Б.

Ал, Жәкеңнің Оралдағы №11 қазақ орта мектеп – интернатында атқарған директорлық қызметінің орны бөлек. Он сегіз жылға созылған осы жұмыста ол өзінің асқан ұстаздық талантының биігінен көріне білді.

Осы мақаланың авторы 1961 жылы Оралдағы мектеп – интернатқа оқуға келгеннен бастап, бүгінгі күнге дейін Жәкеңді өзінің ұлы ұстазы ретінде пір тұтады.

Мектеп қабырғасындағы кезеңді еске түсірсек, Қаратөбе ауданындағы Соналы жетіжылдық мектебін үздік бітіріп келген шәкіртке бұл білімнің қара шаңырағы жұмақ сияқты болып көрінді. Оған себеп те бар еді. Біріншіден, өте жақсы жабдықталған жоғарғы ғылыми – әдістемелік талап. Осы сияқты басқа да талаптарды жүзеге асырудағы басты рөл атқаратын білікті ұстаздар қауымы еді ғой. Олардың біз үшін қайсыбір осалы жоқ еді. Солай болуы да тиіс қой...

Жалпы, мен үшін ұстаздардың ішінде математика пәнінен сабақ берген Жәлел Самарқанұлының өзіндік өрнегі ерекше еді. Ұстаз сабақты

түсіндіргенде өзінің барлық күш – жігерін аямай жұмсайтын. Бұл кезде ол мектеп басшысының қызметін ойынан мүлдем шығарып тыстайтын сияқты. Қазір өзіміз ұстаз болған кездегі көзбен қарағанда Жәлел Самарқанов тек қана математикадан білім беріп қоймай, шәкірттерінің өз беттерімен білімдерін жетілдіруіне өте көп көңіл бөлді, ал талантты оқушылармен жұмыс жасауы бір басқа. Осы өркенді жұмыс белгісіндей Жәкеңінің шәкірттері, кезінде қалалық, облыстық және республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері атанды.

Сонымен бірге Жәлел Самарқанұлы қоғамдық жұмыстарға да ат салыса білді, қалалық кеңестің сегіз дүркін депутаты, бейбітшілік комитеті облыстық бөлімшесінің жауапты хатшысы, қайсыбірін айтайын...

1964 жылы Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі атағын алған ұстазым менің математик ретінде қалыптасуыма сіңірген еңбегі зор. Оның Қапсық Хабдулқалықов екеуімізбен қаншама сан күрделі, стандартты емес есептерді шығаруды жүктеді десеңізші. Шынын айтсам, менің және басқа да түлектердің А. Байарыстанова, А. Молдағалиева, Ж. Камкиева, Б. Молдағалиева және т.б. бүгінгі таңдағы жеткен ғылыми – педагогикалық жетістіктері Жәкең қамқорлығының нәтижесі деп білемін.

Сол кездегі мектепте жүргізген сан қырлы жұмыстардың ортасында, директормен бірге көптеген талантты ұстаздар да еңбек етті. Олардың есімдерін атап өту – бір тағзым. Оқу ісін басқарған Күланда Қабашева, Галина Байбурина, Ғұмар Мажитов сынды дарын иелері. Бізге класс жетекші болған тарих пәнінен дәріс берген Сәруэр Кисетовна , шәкірттеріне қатаң талап қоя білетін Любовь Фишбейн, өндіріс мамандықтарына қолымызды жеткізген Юрий Ермаков секілді ұстаздардың есімдері еске орала береді.

Менің өз басымның ұстаз болып қалыптасуыма, әсіресе, шығармашылық еңбекпен шұғылдануыма септігін тигізген ұстаздарым Панна Михайловна Генке мен Галина Гариповна Ажымұратовалардың орны ерекше.

Панна апамыз (әжеміз деуге де болады) орыс тілі мен әдебиетінен сабақ бергенде өте қызығатын едік. Ол кісі ауылдан «бір ауыз» орысша білмей келген шәкірттерін қайтсе де білдіруге, ынталандыруға тырысты. Уақытын аямады және ол нәтижелерін де берді.

Сол кісімен үзеңгілесе жұмыс жасаған қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Галина Гариповна апамыз да осылардың бірі еді. Оның жаздырған мазмұндамалары мен шығармалары оқушыларын өмір ізденістеріне терең бойлата білді. Төл тілімізге, әдебиетімізге деген сауаттылықты, сүйіспеншілікті алғашқы орынға қойды.

Ұстаз ретінде тағы бір дарын иесі биология пәнінің мұғалімі Зейнеп Иманғалиеваның есімін атап өткен жөн.

Өмір өткелдері сағаттың тілі жүрісінен тәуелсіз өтіп жатыр. Біздің де білім, тәлім тәрбие алып қара шаңырақтан өмірге жолдама алғанымызға

елу жылдан артық уақыт өтіпті. Енді мектебіміздің бүгінгі халі қалай десек, мына бір шынайы қызығушылық, мақтаныш сезім кеуде кернейді.

Мектеп өте сәнді. Жастарға білім, тәрбие беріп жатқан өнегелі ұстаздардың есімдерін мақтаныш тұтуға болады. Абай атамыз айтқандай, « Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп, Оралдағы Сәкен Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп – лицейінің өзі де рас, ісі де рас.

Осындай жақсылық нышандары өрісті дамытып отырған озат басшы Ерсайын Қадырұлы Сапаров сынды азаматты Батыс Қазақстан облысы орынды мақтаныш тұтады.

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Бүгінде өзіммен қатар жүрген, жұмысы жемісті әріптесім туралы қалам тербегім келеді. Өйткені ол қашанда мадаққа лайық. Сондықтан «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық даналығын негізге алып отырмын.

Әріптесім Айгүл Медешова 1985 жылы Қаратөбе ауданының Шөптікөл орта мектебін бітіріп, Орал педагогикалық институтының физика – математика факультетіне оқуға түсті. Ол институтты 1990 жылы үздік бітіріп, еңбек жолын бастады. Оның сол қалаға бет бұруының өзі де тегін емес. Себебі, ол мектеп қабырғасында жүргенде–ақ, математик болуды армандаған екен. Ағасы Үмбетқали мен жеңгесі Жаңыл екеуінің сол мамандықты меңгеруі оған оң әсерін тигізіпті. Мектепте оқып жүргенде физика – математика пәндері бойынша өткен аудандық олимпиадалардың бірнеше дүркін жеңімпазы атанғаны да бар. Ал жоғары оқу орнында оқулықтардың негізінен ресми тілде жазылғанына қарамастан, ерінбей жалықпай оқып, мамандығын меңгеруі сол аталмыш ғылымдарға құштарлығы мен талпынысынан деп түсіну керек.

Қаратөбе ауданында санаулы жылдар бойы математик болып еңбек еткен Айгүл өзінің қалауы бойынша Орал қаласына көшті. Мұнда ең әуелі біздің БҚМУ-да, сонан соң педколледжде қызмет істеді. Жыл өткен сайын мамандығын терең меңгеріп, кәсіптік шеберлігін жетілдіре түсті. Ғылым жолына бет бұрды. Нәтижесінде 2006 жылы «Бастауыш сынып оқушыларының оқу икемділігін ақпараттық технология арқылы дамытудың педагогикалық шарттары» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ал 2011 жылдан доцент (қауымдастырылған профессор) ғылыми дәрежесіне ие болды. Айгүл Бақтығалиқызы қазір М.Өтемісов атындағы БҚМУ–да кафедра меңгерушісі, физика – математика факультетінің деканы қызметін атқарады.

Декан демекші, бұл оның сол лауазымды қызметке екінші рет келуі. Алдында да оның декан болғаны бар. Алайда лауазымдық қызметі ғылыми құлшынысына кедергі келтірген соң, өтінішін беріп, бұл лауазымнан босаған еді.

Айгүл Бақтығалиқызы – өзіне де, өзгеге де қатал талап қоя білетін ұстаз. Педагогикалық үдерісте қажет жетістікке жету үшін аянбай еңбек етуде. Әріптестері және шәкірттерімен қашанда жақсы қарым – қатынаста. Оның жүргізген ғылыми педагогикалық зерттеулері де нәтижесін беріп жүр. Негізгі мектептің информатика мұғалімі пәнінің біліктілігі стандартының авторы. Айгүл мектеппен байланыс жасай отырып, информатикадан сабақ берудің жаңа әдіс – тәсілдерін ЖОО – ның оқу үдерісіне енгізіп отырады. Әріптесім – республикалық, облыстық басылым беттерінде жарияланған 80 – нен астам мақала мен оқулықтардың авторы. Сондай – ақ ол облыстық педагог кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының тыңдармандарына ақпараттық технологияны

бастауыш және орта мектепте қолдану мәселелері бойынша дәріс оқиды. Елімізде электрондық үкіметтің қалыптасуына өз үлесін қосуды, қоғамда ақпараттық бағдарламаларды орындауға ат салысуды басты парызы санайды. Айгүл Медешова «Үздік студент – үздік педагог» атты жоба дайындап, соған сәйкес болашақ мұғалімдер құзыретті болуы үшін облыстық деңгейде сайыс ұйымдастырады. Ол – қалалық, облыстық байқаулардың беделді ұйымдастырушысы, қазылар алқасының әділ мүшесі, білім беру жүйесіндегі республикалық және облыстық аттестациялық комиссиясының мүшесі. Айгүл еңбекқорлығын, тапсырылған іске жауапкершілігін, жастарға қамқорлығын еңбегімен дәлелдеуде. Сондықтан марапаттан кенде емес. Мәселен, жас ғалым білім беру саласындағы елеулі еңбегіне сай 2011 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды. Ал өткен жылы республика бойынша «ЖОО – ның үздік оқытушысы» атағын алды. А.Медешова мен Ғ.Мұхамбетованың авторлығымен жазылған «Программалау» оқулығы университеттерге арналған оқулық ретінде республика Білім және ғылым министрлігінің шешімі қабылданды.

Айгүл – тек ғалым ғана емес, сүйікті жар, аяулы ана. Жұбайы кәсіпкер Бақытжанмен бірге екі ұл, бір қыз өсірді. Олар да ата – анасының қуанышына өмірден өз орындарын тапты. Кенжесі Нұрәлі – мектеп оқушысы. Басшы әрі ғалым, сонымен жар және аналық парызын абыроймен атқаратын оған тек ризалықтан басқа айтарым жоқ.

ШӘКІРТІМ МЕНІҢ, ШӘКІРТІМ

1965 жылы физика және математика факультетіне бірінші курстың «Е» тобына куратор болып тағайындалдым. Топта 31 студент болды. Олардың 25 грантта оқитын студенттер де, 6-уы кандидат. Солардың ішінде Жәлел де студент қатарына кандидат болды. Бір студент оқуға түскенін жуамын деп оқудан шығып кетті. Соның орнына Жәлелді ректордың бұйрығымен студент қатарына қосты. Студенттік топта Мунира староста болды, топтың комсоргі – Талап, профорг болып Жәлел тағайындалды. Ол №11 мектепті жақсы бітіріп келген оқушы еді. Мектепті бітірген соң КазГУ – дің математика – механика факультетіне емтихан тапсырған. Онда математиканы жазбаша 5-ке, ауызшаны 5-ке, орыс тілі диктантан 4-ке тапсырып конкурстан өте алмай қалған екен. Сол себепті Орал пединституына келген.



Студенттік топ өте ұйымшыл болды. Бірін – бірі қолдап жүрді. Туған күндерін бірге тойлайтын еді. Сабақтарды бірлесіп оқитын. Сабақ дегенде, таңертеңгі 8-ден бастап 13:30-ға дейін кейде 15:00-ге дейін оқитын еді. Одан кейін түскі тамаққа барып келіп, әзірліктерін одан әрі қарай жалғастыратын. Оқуларын түнгі 11- 12-ге дейін жалғастыратын. Ертеңіне сабаққа кешікпей келетін. Осындай дәстүр 4 жыл бойы жалғасын тапты. Бірінші семестрден кейін білім дәрежесі бойынша 2 лидер байқалды. Біреуі – Ахметова Мунира, ол да №11 мектептің түлегі. Екіншісі - Камкиев Жәлел. Олар емтихандарды тек қана 5-ке тапсыратын еді. Жарысып оқитын. Топ қазақша топ болғанына қарамастан көптеген сабақтар орыс тілінде жүргізілетін. Философиядан ғылым кандидаты Очкин сияқты ұстаз сабақ берді. Физикадан көптеген пәндерді аға оқытушы Есенғали Жүнісов берді. Сабақты орысша түсіндіретін. Күнделікті дәрісін қабылдап отыратын. Оның бір пайдасы емтихан кезінде байқалатын. Студенттер сабақ оқумен қатар демалысқада басты көңіл бөлетін. Табиғатқа шығуда дәстүрге айналған.

Жәлел студенттердің ғылыми конференцияларына қатысып, баяндама оқып жүретін. Соның пайдасы оны институтқа ұстаз болып орналасқаннан кейін де өз нәтижесін берді. Аспирантураға жолдама алды.

Мәскеу қаласындағы Педагогика ғылымдар Академиясына аспирантураға түсті. Оны ойдағыдай бітіріп, педагогика ғылымдарының кандидаты деген атақ алды. Қайтып институтқа оралды. Доцент, профессор дәрежесін иеленді.

Ол - 50 жылға жуық еңбек өтілі бар беделді ұстаз. Студенттік топ кураторы. Сабақ беру барысында басты көңілді тәрбиеге және білімге

бөледі. Орта мектеппен де тығыз байланысты. Ол оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасайды. Шәкірттері Оңтүстік Корея, Байқоңыр, Алматы және Мәскеу қалаларында өткізілетін ғылыми конкурстарға қатынасып, жүлделі орындарға ие болуда. Облыстық және қалалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысында қазылар мүшесі болып, үздік оқушыларды анықтауда өз үлесін қосуда.

Ойымды тұжырымдай келе, айтатыным 1965 жылы қабылданған 31 шәкіртімнің 13-і 1969 жылы институт бітіріп шықты. Олардың көпшілігі зейнеткерлікке шығып демалыстарында. Немере, шөберелерін тәрбиелеуде. Шәкіртім Жәлелге жұмысына жеміс тілеп, дені сау болып, ұзақ өмір жыл өмір сүруіне тілектеспін.



Ж.Сырымұлының кураторлық тобы студенттерінің тыл және еңбек ардагері М.К.Нұрмухамбетовамен кездесу, 2015 жыл

Игі тілекпен, кураторың тоқсанның торқасынан асқан апаң Мәриям Қасымқызы деп білерсің.

Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

*Мариям Касымқызы Нұрмухамбетова,
зейнеткер педагог,
топ кураторы*

ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ

Дауылпаз ақын М. Өтемісұлы атын иеленіп отырған БҚМУ – да жас кадрлар дайындау ісінде көп жылдардан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан ардагер ұстаздар қатары барлығы көңіл қуантады. Солардың бірі–бүгінгі толғаныс кейіпкері физика және математика кафедрасының профессоры Сырым Жәлел Сырымұлы.



Бар санаулы ғұмырын жоғары оқу орнының ұстазы болу жолына арнаған әріптесіміздің өнегелі өмір жолына тоқталар болсақ, Жәлел Сырымұлы 1946 жылы 14 маусымда Қаратөбе ауданы Соналы ауылында дүниеге келген. 1962 жылы ауылдағы 7 жылдық мектепті бітіргеннен кейін білімін Орал қаласындағы №11 қазақ орта мектеп – интернатында жалғастырды. Жәлел Сырымұлы ондағы еңбек еткен ардақты да, асыл ұстаздарын ризашылықпен еске алады. Олар математика пәні мұғалімі, кейін мектеп директоры Самарқанов Жәлел, физика пәні мұғалімі Мажитов Ғұмар және тағы басқалары Жәлел Сырымұлының Орал педагогикалық институтының физика – математика факультетін таңдауына себепші болған.

Институтты үздік бітіріп, физика кафедрасына оқытушылыққа жұмысқа қалдырылғанына, міне, 50-ге жуық жыл толып отыр. Бұл жылдар өсу, толысу, жетістікке жету жылдары болды.

1971 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде білім жетілдіру курсынан өтті. 1976 – 1979 жылдары КСРО Педагогика ғылымдары академиясының Оқыту мазмұны мен әдістері ғылыми зерттеу институтында іштей аспирантурада оқып, зерттеу жұмыстарымен айналысты. Нәтижесінде, 1980 жылы «Орта мектеп физика курсына конденсацияланған жүйелердің механикалық қасиеттерін оқыту» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғады. 1984 жылы доцент, 1996 жылы БҚМУ профессоры атағын алды. 2008 жылдан бері М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры.

Жәлел Сырымұлы – 60-тан астам ғылыми және әдістемелік еңбектердің авторы. Физика – математика факультетінің студенттеріне арналған «Жалпы физика курсы – механика» оқулығы студенттердің «үстелден түспейтін» кітабына айналды. Заман талабына сай жазылған физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеуге арналған бағдарламаларын облыстың орта мектептерінің физика пәні мұғалімдері тиімді пайдалануда.

Тек университетте сабақ берумен шектелмей, мектеп оқушыларын да ғылыми жұмысқа баулуды естен шығармайды. Дарынды балаларға арналған С. Сейфуллин атындағы №11 қазақ мектеп – интернат кешені мен №41 орта мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік жасап,

оқушылары А. Абсатаров (1998ж), Д. Хамиев (2001 – 2002 жж), М. Қабиев (2006ж), Э. Байғазиева (2007 ж) республикалық конкурста жүлделі орындарға ие болды.

Жәлел Сырымұлы оқу мен ғылыми жұмыстарды студенттер арасында тәрбие жұмыстармен ұштастыра жүргізеді. Тәрбиелік жұмыстарының басты бағыты – ұрпақтар сабақтастығы. Студенттердің еңбек соғыс ардагерлерімен, Кіші Ассемблея мүшелерімен кездесулерін үнемі өткізіп отырады. Мұндай тәжірибе жас әріптестеріне, болашақ ұстаздарға үлкен үлгі екені әрине түсінікті.

Студентер әрдайым оқытушылардың бойынан жанашырлық пен қамқорлықты іздейтіні анық. Сол қамқорлық Жәлел Сырымұлының бойынан әркез табылады. Ол керек кезде қатал ұстаз да, сырлас та, ақылшы да бола біледі. Өмірден көріп білгенін, тәжірибесін студенттермен бөлісіп, ақыл беруден ешуақытта аянған емес. Еңбегі еш кеткен жоқ. Ең бастысы шәкірттерінің зор құрметіне ие.

Ол - жанұясында 3 ұл тәрбиелеп, 5 немере сүйіп отырған үлкен жүректі абзал жан. Үлкен ұлы Расул Батыс Қазақстан облыстық диагностикалық орталықтың директоры, екінші ұлы Ахмед – адвокат, кенжесі Дидар - МАИ қызметкері.

Көп жылдан бергі әріптесім Жәлел Сырымұлын мерейлі жасымен құттықтап, зор денсаулық, отбасына амандық тілеймін. Рауиля екеуі балалары мен немерелерінің қызығын көре берсін!

*Збайда Жұбанышева,
физика және математика
кафедрасының аға оқытушысы,
М. Өтемісов атындағы БҚУ*

АҒАҒА ТІЛЕК

Жәлел аға, мерейлі жасқа толу қуанышыңыз құтты болсын!

Сіздің ағайыныңыз, ініңіз ретінде Сізге тума-туыстың атынан амандық, отбасылық береке тілеймін.

Әрбір адам айналасына шуақ төгуімен, бойындағы ерекше қасиеттерімен ерекшеленеді. Сізді көпшілік қауым университет профессоры деп таныса, біз аға деп сыйлаймыз. Өйткені біздің студенттік күнімізде отбасыңызға барып тұрдық, жеңгеміз Рауиляның қолынан талай рет шәй ішкенбіз. Ол бізді Сіздің ініңіз деп құшақ жая қарсы алатын, қабағын шытпайтын. Біз, яғни, Малғараның екі ұлы - мен және Бақтыгереев Мағзом сол кездегі А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінде математика мамандығы бойынша оқыдық.



Үмбетқали-Жаңыл, Мағзом-Салтанат

Сіз ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін Мәскеуден қорғап келгенсіз. Біз оған бірге қуанғанбыз. Ол да бір есте қалатын кез еді.

Сіздің бала күніңіз өткен Қаратөбе ауданы Соналы (Молтұп) елді мекенінде біз де туып өстік. Сіз бен бізді жақындастыратыны да сол туған жерден бойымызға сіңген махаббат пен ағайындық шығар.

Студенттік күнімізден кейін институтты бітіріп, ауылға келдік. Екеуміз ауданның екі совхозына математика мұғалімі болып орналастық. Мағзом о дүниелік болды. Менің жұбайым Жаңыл да сол студенттік кезден бері Сіздерді жақсы біледі. Қазір зейнетке шықтық, біз де үлкендердің легіне еріп келеміз.

Ауылға келген кезде Сізбен әңгімелесе отырып, шежірелік мәселелерге жиі тоқталамыз. Адамның жасы ұлғайған сайын ұрпағының шежірені білгенін қалайды екен. Бұл Сіздің ғылымнан бөлек айналысатын,

аса назар аударатын сүйікті ісіңіз екенін білеміз. Кез келген адаммен танысқан кезде жөн сұрау Сіз үшін маңызды.

Сіздің еңбегіңіз бағаланып, облыстық телехабар көрсетілді. Оны көріп риза болдық. Себебі ағайынның аты озсын дейтін ініізбіз. Шүкір, балаларыңыз да азамат боп, қызмет етіп жатыр. Немерелеріңіз өсіп жатыр. Алдағы уақытта да бала, бауыр жақсылықтарының ортасында жүре беріңіз демекпін.

***Бақтығалиев Үмбетқали,**
физика-математика факультетінің түлегі,
Қаратөбе ауданы Шөптікөл ауылынан ағайыны*

ЖӘЛЕЛ АҒАЙ ТУРАЛЫ МЕН НЕ АЙТА АЛАМЫН?



Жәлел Сырымұлы туралы мен не айта аламын? Бұл сауалдың жауабын қалай берсем екен деп ойландым. Декан ретінде берсем бе, әлде оның оқытқан студенті ретінде ме, әлде ағайын қарындасы ретінде ме? Қай-қайсысы да көңілге сияды. Мен ойымды топшылай келе, алдымен студент, кейін қарындас және қазіргі уақытта үмітін ақтаған студенттің әріптестік, декандық көзімен баяндауды ұйғардым. Қысқа болса да, нақты жағдаяттармен дәлелді беруге тырыстым.

Алғашқы танысу

Жәлел Сырымұлын алғаш рет мен «Құрмет белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика мамандығына талапкер боп оқуға құжат тапсырғаннан кейін дайындық кеңесі кезінде көрдім. Физикадан кеңес берген ол:

Әр емтихан сұрағына жауапты «Физика нені зерттейді?» деген мәселеден бастаған дұрыс. Бұдан кейін қай бөлімге көшу керектігіне назар аударыңыз, - деп ескертті.

Бұл менің жадымда маңызды ақпарат ретінде сақталды. Мұны мен емтиханда жауап бергенде ескердім.

Студенттік кезеңде

Содан кейін студенттік күніміз басталғанда Жәлел ағай механика курсынан сабақ берді. Ол кезде ағай қатал, талап қойғыш болатын. Сабаққа бірде-бір студенттің джинсымен келмеуін, қыздардың юбка немесе көйлек киюін, жігіттердің костюм киіп, галстук тағуын талап ететін, яғни, педагогтың сыртқы келбетіне сәйкес киіну әдебін 1-курстан бастап талап етті. Кейінгі семестрлерде ағайдың сабақ беруі жалғасты. Біз топ болып физика курсынан мектеп оқулықтары мен есептер жинағындағы (Рымкевич) есептердің барлығын шығарып талдадық. Орыс тіліндегі оқулықтардан оқу материалдарын қазақшаға аудардық. Үлестірме карталар мен тірек конспектілерді түрлі-түсті қаламмен дайындап көрсеттік. Өйткені әдістемелік пәндерден мектепте сабақ беруге қажетті әдіс-тәсілдерді үйрендік. Ол кезде компьютерлік техника қолданысы қазіргідей емес еді. Сондықтан оқытушының тапсырмасын қолдан жасайтынбыз. Кітап дүкенінен дидактикалық құралдар сатып алсақ, бірден 2 дана алатынбыз. Біреуін жеке кітапханаға, екіншісін сабақта қолдануға арнайтынбыз. Мұның барлығы Жәлел ағайдың физиканы оқыту әдістемесінен берген тапсырмаларын орындау үшін қажет болды.

Ағалық кеңес

Бірнеше жылдан кейін мен университетке келіп жұмысқа орналастым. Өзімді оқытқан аға-апаларыммен әріптес болдым. Ғылыми жұмыс жазып, ғылыми дәрежеге ие болғым келді. Ол кезде де маған жөнді кеңес берген ағаларымның бірі Жәлел ағай болды. Кейбір еңбектеріме сын пікір жазды.

Факультет деканы ретінде

Жәлел Сырымұлы жасының ұлғайғанына қарамастан, ғылыми-әдістемелік жұмыстан қол үзбей келеді. Оның жетекшілігімен мектеп оқушылары ғылыми жобалар дайындап, республикалық, халықаралық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп отыр. Ал, студенттер дипломдық жұмыстарын, магистранттар диссертацияларын сәтті қорғап жүр.

Жәлел Сырымұлы куратор болудан бас тартқан емес. Ол үнемі студенттердің тәрбиесіне көңіл аударады. Жәлел ағайдың ағалық, аталық ақылы, өнегелік ісі студенттерге үлгі. Былтыр ауруханада жатқан кезінде телефон шалды. Сонда ол тобының бүгін емтихан тапсыратынын, ондағы студенттердің проблемасын (емтиханға кешіккен студент, оқу ақысын бүгін төлеген студент) қалай шешу керектігін сұрап жатты. Ол - студенттердің жаны ашыр әкесіндей қамқор боп жүреді.

Ол Қ.А.Төлежановты жерлегенде үлкендігін, қазақы дәстүрді басшылыққа алған азамат тұрғысынан рәсімнің толық болуына ықпал етті. Менің ұйымдастыруымда Жәлел ағайдың берген кеңестері кәдеме жарады. Сол сияқты Е.Джунусовты еске алу кешін өткізгені жастарға үлкен сабақ болды.

1996 жылы БҚМУ физика кафедрасының профессоры атағы берілді. Ерен еңбегі үшін, оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктері үшін, адал еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталды, 2016 жылы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері төсбелгісін иеленді.

Оқу шебері, отбасы ұйытқысы

Жәлел Сырымұлының жұбайы Камкиева Рауиля Сисенбайқызы физика кафедрасында жұмыс жасады. Ол өзін ұжымға әрдайым ақжарқын, көңілі ашық, ойын еркін жеткізетін, өзіне жүктелген тапсырмаға мұқият, жауапкершілікпен қарайтын жан ретінде танытты. Ол қазақ отбасындағы тәрбие бойынша отағасын алға қоятынын әңгімесінен байқайтынбыз. Ол жастардың білімге құштарлығын оятуға тырысады, көмектесуге ұмтылады.

Жәлел Сырымұлы мерейлі жасыңыз құтты болсын! Отбасыңызда береке, бірлік болсын! Көңіліңізді кірбің шалмасын!

*Медешова Айгүл Бақтығалиқызы,
физика-математика факультетінің деканы, педагогика
ғылымдарының кандидаты, доцент*

ҚҰРМЕТТІ ЖӘЛЕЛ СЫРЫМҰЛЫ!



Сізді мерейлі мерей тойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Менің өзімнің туған еліме келіп қызметімді бастау жолымда сіңірген еңбегіңіз, ақылыңыз бен даналығыңыз, ұстаздық тәрбиеніз мәңгі санамда жазылуда қалады. Алдағы уақытта осы күнге дейін сіңіргеен еңбегіңіздің жемісін көріңіз. Жастардың өркендеп өсуге деген құштарлығын арттырып, физика пәнін меңгерулеріне қосқан үлесіңіз ерекше.

*Оқу үрдісін ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі
Жарлығанова Д.М.*

УВАЖАЕМЫЙ ЖАЛЕЛ СЫРЫМОВИЧ!!!!



В течении многих лет мы работаем с Вами на кафедре «Физики и математики». В нашем дружном и рабочем коллективе, мы празднуем Ваш юбилей!!!! Хочу от Всей души поздравить Вас с юбилеем!!!! Пожелать крепкого здоровья, счастья, добра, улыбок солнца и тепла. В Ваш светлый праздник – день рожденья!!! С глубоким чувством уважения, примите мои поздравления и слова благодарности за Ваш бесценный труд, за годы собственных трудов, за то, что мудрости Вы дали, и каждый к жизни стал готов. Пройдя сквозь Ваши обучения, за Ваши мудрые советы, за знания, которые получают от Вас, огромное Вам спасибо.

*С уважением Айжан Искалиева,
Польша, г.Быдгощ, Университет Каземир Великого*

ҚҰРМЕТТІ ЖАЛЕЛ СЫРЫМҰЛЫ СІЗДІ МЕРЕЙЛІ 70 ЖАСЫҢЫЗБЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!!!



2001 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Физика және информатика мамандығының қазақ тілді тобына оқуға түскен 36 студенттің бірі болдым. Камкиев Жалел ағамыз біздің топқа кураторлық алып, алдына келген «первостарға» жол көрсеткен, жөн сұрасып, ақыл –кеңесін айтып алғашы қадамдарымызда қол ұшын берген тұлға болды. Ол кезде дәрістер 80 минуттан, емтихан билетпен ауызша тапсырылатын, 1995 тенге стипендияны

кассадан алатын заман еді.

Жалел Сырымұлы бізге «Мехаика», «физиканы оқыту әдістемесі», «Механиканың таңдамалы тараулары», «физика есептерін шығару практикасы», «Физика тарихы» пәндерінен дәріс оқып, таза қазақша нұсқада физика терминдерімен таныстыра білді. Дәрістері барсында фундаментальді өлшем бірліктерді, серпімді үдерістерді, Лиссажу фигураларын есептеуді, тұтқырлықты, ламинар және турбулентті ағысты, жер массасын анықтау тәжірибелерін, инерциалды емес санақ жүйелерін (ИЕСЖ), ньютон заңдары салдарын, санақ жүйелерінің түрлерін және т.б. түсіндіргенде қосымша кітапханаға бару қажеттілігі болмай да қалатын еді. Ағайдың қанатты сөздері де болатын: Коллоквиум тапсыруға байланысты әзілдері, «Квазисерпімді –яғни, как будто серпімді», «законы Бернулли – студента домой вернули» i, j, k ортогональді векторларды көрсетуі, «Емтиханға шпаргалка жаза білу ол да өнер» және т.б.

Ағай сонымен қатар әлеуметтік мәселелерге де араласты. Студенттерді жатақханаға орналастыру, студенттік көктем, кураторлық сағаттар, субботниктер, студенттік олимпиадалар мен конференциялар, мектеп пен оқушылармен байланыс, практика (сараман), сайлау, жоғарғы-төменгі курстармен кездесу кештері ағайдың қатысуымен өтетін.

Магистратураға түскенде Айсұлу Елтайқызы мен Жалел Сырымұлы ғылыми жетекші болып тағайындалды. Осы 2 жылдық магистратура барысында ағай екеуміз 12 мақала жариялап, №11 мектептен бірнеше оқушыларды республикалық конкурстарға даярлап үлгеріппіз. Мақалалар физикалық үдерістерді модельдеу, эксперименттерді компьютерде көрнекілеу, дарынды балалармен жұмыс, электронды оқулықтар аясында болды. Бұрын соңды мақала жазып көрмеген мен үшін ол үлкен көрсеткіш болды. Жалел Сырымұлының ықпалынан да шығар, ғылым жолын таңдап, әрі қарай кандидаттық диссертация қорғауға талпынып, нәтижесінде PhD докторантураға оқуға түсіп сәтті тәмамдағаным.

Жалел Сырымұлы ағайынның қамын ойлайтын, талай шәкірт тәрбиелеген өнегелі ұстаз, бірнеше немересінің атасы. Рәуиля апайымызбен бірге еңбектеріңіздің жемісін көріп, ұзақ ғұмыр жасауына тілектеспін.

Ізгі ниетпен:

***Жакиев Нурхат,**
Назарбаев Университеті
Нұр-Сұлтан ұлттық зертханасының ғылыми қызметкері,
физика ғылымдарынан PhD.*

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МЕРЕЙІ

Атақты педагог ғалым В.А. Сухомлинский «Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі де қызықты, шым – шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу, Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналық жүрекпен ұға білу болып табылады» деп, ұстаздық өнерге ерекше баға берген. Осынау бағаны ұлы педагог еліне еңбегімен сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал жандарға арнап берген болар.

Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Жәлел ағай жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Жәлел ағайдай ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге.

Ол – Қаратөбе өңірінің тумасы. Ата-анасы қарапайым шаруа адамдары болды. Ата-аналары өз бауыр еті балаларының тиісті білім алып, үлкен азамат болуын армандады. Сол үшін де барлығын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп тәрбиеледі. Әсіресе, балаларының ішінен ең үлкені Жәлелдің болашағына үлкен үмітпен қарады. Жастайынан білімге құштар Жәлел ағай ата-анасының сеніміне еш шүбә келтірген емес. Мұғалім болу арманы, жас жігіт мектеп бітірісімен Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институтына әкеледі. 1969 жылы институттың физика-математика факультетін бітіріп жоғары білімді жас маман ұстаздық еңбек жолын бастайды. Сол кездердегі үрдіс бойынша оқу бітірген жас маман облыстағы №11 мектеп-интернатынан еңбек жолын бастайды.

"Жас келсе – іске" дегендей, аз ғана уақытта жас маман аталмыш мектептің тәжірибелі ұстаздарынан мұғалімдік мамандықтың қыр-сырын жан-жақты түсініп, үйреніп, оған өз талпынысын қосып, ұжым ортасында беделді бола білді.

Жүйткіген уақыт ешкімге жеткізер емес... Өткен оқу жылында Жәлел ағамыз 70 жасқа толды, зейнеткерлік демалысына да шықты.. Әйтсе де бойынан сол бір жастық жігердің ұшқыны жылдар өтсе де әлі де сөнбегенін сөзбен емес, нақты істер арқылы көрсетуде. Ұстаздың қарапайымдылығы мен ұқыптылығы, еңбекке деген ерекше ынтызарлығы өзгелерден оны ерекшелендіреді. Оның қайсар мінезі, қазақи ақжарқындығы мен қызметіне деген адалдығы жас мамандар үшін үлгі боларлық. Ол әр кезде білімді өрелі шәкірттерін үнемі мақтан тұтады. Ағайын – жекжат , жолдас- жораның ортасында сыйластықты ғұмыр кешудің өзі бір ғанибет.Атақ абырой мысқылдап жиналады, оны жинау үшін де, ұстап тұру үшін де үлкен төзім керек.

Өзгені сыйлай білсең, өзінде сол құрмет биігінен көрінесің. Достарыңа, қонағыңа жайған көрпең өзіңде жайғаның. Осы қағиданы ешқашан есінен шығармайды, балаларына да осыны айтып отырады. Әліде

еңбек етіп, ел құрметіне бөленіп жүрген соң ба жастардың ортасында ағайды қария деп санағың келмейді.

Жәлел Сырымұлының бойында адамға тән жақсы қасиеттер өте мол. Талапшыл, ұйымдастырушылық қабілеті өте жоғары. Кезінде факультет деканы, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып басшылық қызметтер атқарды. Осы уақыт аралығында талай ұжымның еңбек қорлығына іздемпаздығына, жаңашылдығына сүйеніп жастарға бағыт -бағдар сілтеп отырды. Студенттерді тәрбиелеуде бар ақыл парасатын аямайды. Жоғары оқу орынында жұмыс жасай жүріп қала мектептерінің оқушыларын ғылымға баули білді. Жәлел ағайдың басшылығымен көптеген мектеп оқушылары ғылыми жобадан жүлделі орын алып жоғары оқу орнына емтихансыз қабылдану құқына ие болды.

Ол тек қана нағыз ұстаз ғана емес , өз отбасының мәуелі бәйтерегі. Жары Рәуила Сисенбайқызы екеуі 3 ұл тәрбиелеп өсіріп, қазіргі таңда немеренің қызығын көріп отыр.

Жетпістің биігіне көтерілген ағамыз бүгінде бұтағы мен жапырағын кеңге, тамырын тереңге жайған байтерек секілді. Бұндай бәйтеректің көлеңкесінде әлі де талай талантты студенттеріміз білім алып, жас маман болып шығары сөзсіз.

70 жасқа толған мерей тойыңыз қайырлы-құтты болсын. Сіз қырық жылға жуық отасқан жұбайыңыз Рәуила қызымен өнегелі өмір сүріп, бақыттың бағында ұлдарының қызығы мен қуанышына, немерелерінің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызды сақтап келесіздер. Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңзді танытып-ақ жүрсіз. Жүрегіңізге Алланың нұры құйылып, зор денсаулықпен жасай беріңіз.

Осы жасқа келгенше тағдыр-жолыңда кездескен қаншама тосқауылға төтеп беріп қашанда жеңіске жете білдіңіз. Мұндай жетістігіңіздің де терең себебі бар деп ойлаймыз.

Мынау бізге көршілес жатқан орыс ұлтында « Қарапайым өмір сүрген жан жүз жасайды», - деген сөзі бар.



Студентіміз Рахметова Сәуленің тойынан естелік

Сізге сондай мадаққа лайық қарапайым өмір сүретін жанның бірісіз. Бүгін сізге осындай дастарханның 100 жасқа толғанда да кеңінен жайылсын деген тілек арнағым келеді!

Еліміздің тәуелсіздігімен тұтас келген мерекеңізде өркениетке бет алған еліміздің ұлт патриоттарын тәрбеліеудегі ұстаздық еңбегіңіз жемісті болсын.

Сізге денсаулық, бақыт, шығармашылық табыс тілеймін.

***Төреғалиева Алма Серікқалиқызы,**
Физика және математика
кафедрасының аға оқытушысы*

АДАМНЫҢ АДАМШЫЛДЫҒЫ... ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН БОЛАДЫ

Мен 2002 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «физика және информатика» мамандығына оқуға түстім. 2006 жылы университетті бітіріп, физика кафедрасына оқытушы болып жұмысқа қабылдандым. Қазіргі кезге дейін университетімізде оқытушылық қызметін атқарып келем.



Осы университетте оқыған төрт жылымда Жалел Сырымұлынан алған білімім мол деп айтуға болады. Ол кісінің берген білім нәрі біздердің болашағымызға нық қадам болды.

Жалел ағай дәріс, практикалық сабақтарын жоғары ғылыми – әдістемелік деңгейде береді. Физика және физиканы оқыту әдістемесі бойынша студенттердің дипломдық жұмыстарына жетекшілік етеді. Студенттерге орындатқан дипломдық жұмыстарының тақырыптарының барлығы қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі деп айтуға болады. Ағайдың диплом жазушыларының барлығы дипломдық жұмыстарын «өте жақсы» деген бағаға қорғайды. Ағай маған да дипломдық жұмысыма жетекшілік етті. Дипломдық жұмысымның тақырыбы «Арнаулы салыстырмалылық теориясының салдарларын компьютерлік модельдеу» болды. Дипломдық жұмысымды жаза отырып ағайымыздан көп нәрсені үйрендім. Студент кезде бізге физикадан орысшадан қазақшаға аударуға көп тапсырмалар беретін. Міне осының бәрі маған еңбек жолымда көп көмегін тигізді.

Жалел Сырымұлы жариялаған механика, молекулалық физика, жалпы физика курсы, физиканы оқыту әдістемесі бойынша оқу – әдістемелік құралдары жоғары оқу орындарында жоғары дәрежелі мамандарды дайындауда қолданылып, оқу үдерісіне енгізілген.

Студенттерді және оқушыларды ғылыми –әдістемелік жұмыстарға белсене қатыстырады. Оның жетекшілігімен көптеген мектеп оқушылары ғылыми жобаларымен облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысып, жүлделі орындарға ие болып, мемлекеттік грант иегерлері атанды.

2011 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика мамандығы бойынша магистратураға түскенде Жалел Сырымұлы ғылыми жетекші болды. Магистратураның екі жылында ағаймен 3 мақала жарияладық. Магистратурада оқи жүріп те ағайдан алған, үйренген нәрселерім өте көп.

«Адамның адамшылдығы... жақсы ұстаздан болады» деп Абай атамыз айтқандай менің адам болып, қалыптасуыма, физиканы жақсы әрі терең меңгеруіме ықпал еткен ағайыма мың алғыс айтамын. Өзіндегі бар жақсыны алдындағы шәкірттеріне дарыта білген қадірлі жан.

*Кажмуханова Гулмира Шыныбековна,
Педагогика ғылымдарының магистрі
М.Өтемісов атындағы БҚУ физика және математика
кафедрасының аға оқытушысы*

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Ұстаздың ауыр жүгін көтеріп,
Оңашада ойға баттың, ой өріп.
Алдыңыздан қанат қақты сан ұрпақ,
Еңбегіңіз жүрді кілең өтеліп.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім – тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт – бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Осынау сөзде қаншама мән-мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!

«Ұстаз, жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек». Әл-Фараби бабамыздың осы айтқандарының бәрі біздің ағайымыздың бойында бар деп есептеймін.

Ұстаз деген ұлағатты атқа лайық Жалел Сырымұлы елімізге белгілі жоғарғы оқу орындарының бірі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетімізде жұмысын жандандырып еселі еңбек етіп жүрген жігерлі де жауапты ұстаздарымыздың бірісіз. Сіз өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін ұстаз ретінде білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызыметіңіз, тың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізуге озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз.

Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз.

2006 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің табалдырығын алғаш аттағандағы алғаш ұстаздарымның бірі болдыңыз. Төрт жылдық студенттік өміріміз сізбен бірге өтті. Сізден алған жақсы қасиеттерді бойымызға дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде сіздің еңбегіңіз зор.

2011 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне магистратураға түскен кезімдеде қасымнан табылған ұстазым сіз болдыңыз. Ғылыми жетекшім болдыңыз. Екі жыл ішінде көптеген еңбек атқардық. Сіз тәлім - тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойыма дарытып, адамгершілік тұрғыда бағыт-бағдар бердіңіз. Сондықтан да сіз әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленесіз.

2013 жылдан бастап сізбен әріптес болдым. Осындай білімді де жаңашыл ұстазбен бірге жұмыс істеп, тәлім – тәрбие алғанымға қай кезде де мақтан тұтамын. Сіздің еңбегіңіз бен өмірлік тәжірибеңізді әр қашан үлгі етемін.

Жүйрік уақыттың ұшқын қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. «Қарттары бар ел – қазынасына бар ел» - деген сөз бар халқымызда. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерін табысты өтіп, бүгін де өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз! Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, салиқалы салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз, әрқайсымыздың өмірді өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл-кеңестеріңізге, бізді ел қатарына қосқаныңызға мың да бір рахмет айтып, шәкірттік ықыласымды білдіргім келеді. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін сізге әрқашанда қарыздармын. Сіз дарасыз, сіз данасыз мен үшін.

Құрметті Жалел Сырымұлы! Мен сізді мерекелі мерейтой күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын. Орындалсын ойға алған арманыңыз.

Құтты болсың 70 жасыңыз,
Сексеннің де сенгірігінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз,
Шаттық нардаң айық басын жүзіңіз!
Тілек еттік шың жүректен бәріміз
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!
Бір Жаратқан жар болып, қорғай жүрсің,
Ата-баба аруағы қолдай жүрсің.
Құдағи мен құдағи тату болып,
Бір біріне сәлемін жолдай берсің!

*Кабулова Алтынзер,
педагогика ғылымдарының магистры,
физика және математика кафедрасының оқытушысы*

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Ұстаз-ұлылық бастауы. Оның ұлылығы – талмас еңбегінде, қайталанбас жаңашылдығында, бар ғұмырын шәкірттеріне арнауында. Табиғатынан төккен тер, жоғалтқан уақытының есесін сұрамайтын болмысы – мақтаныш. Мамандық атаулы бастау алған кәсіп иесінің ең қадірлісі-мұғалім. Тал бесіктегі тәрбиенің көзі ата мен анада болса, терең білім мен темірдей тәртіптің бастау бұлағы – ұлағатты ұстаз. Ақ пен қараны ажыратып, оң мен солыңды танытып, жақсы мен жаманды айыра білуің үшін бар өмірін сарп етіп, көз майын тауысып жатқан ұстаз туралы әрқашан айтарымыз да көп...



Қазіргі таңда Орал қаласындағы №41 жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп-лицейінде физика пәнінің мұғалімі қызметін атқарудамын. Қай істі қолға алсам да, қандай кездесулерге барсам да университет қабырғасында алған білімім мен ұстазым үйреткен қағидалар жадымда сайрап тұрады. Балғын студент қалпымнан физика әлемінің қыр-сырына терең бойлап келе жатқан маман атануыма себепкер болған ұстазым- Жәлел Сырым Сырымұлы. Өзін аудиторияда жинақы ұстайтын, әр дәрісіне тыңғылықты дайындалып келетін ұстазымыздың аспай-саспай байыппен оқитын дәрістерін барлығымыз конспект етіп жазып алуға тырысатынбыз. Жәлел Сырымұлы әрбір студентіне іш тартып тұратын жанашырлығымен танылып келеді.

Биік ұстамының куәсі болған педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Жәлел Сырымұлы 70 жасқа толып отыр. Дәріс үстінде тек физиканың қыр-сыры туралы мағлұмат берумен шектеліп қоймай, адамның жан-дүниелік қасиеттеріне жататын ізгілік, әділеттілік, адамилық сияқты мәселелерді бағалау мен сол қасиеттерге жол ашуды үйреткен университет қабырғасындағы қадірлі тәрбиешімізге айналған ұстазымызға алғысымыз мол.



Шын мәнінде өзі шәкірт болып көрмеген адам ешқашан да ұстаз болып жарытпайтыны бар. Ол үшін бітімі бөлек ұстаздан құнарлы ой, мол тәжірибе алу қажет. Жәлел Сырымұлы өзінің әріптестері арасында, студенттер арасында үлкен беделге ие, мұның бәрі ұстаздың студентке, магистрантқа деген сезімінде жатқанын байқау қиын емес.

Ж. Сырым - өзінің табиғатында артық сөйлемейтін, үнемі іздену үстінде, өзінің алдына қойған мақсатына жете білетін ұстаз. Ерен еңбегі үшін, оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктері үшін, адал еңбегі мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталды. Сондай-ақ көптеген жылдар бойы студенттердің дипломдық жұмыстары мен ғылыми еңбектеріне, магистранттардың диссертациялық жұмысына жетекшілік етіп келеді. Ғалымның ұстанған жалпы бағыты жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін орта мектептердегі физика пәнін оқытудағы мәселелер мен физика-математика факультетіндегі студенттерге арналған физика және астрономия пәндері бойынша оқулықтар мен әдістемелік оқу құралдарын шығару болып табылады.

Педагог-ғалымның физиканы оқыту әдістемесі саласында көптеген еңбектері газет-журнал беттерінде, арнайы шығарылған Халықаралық, Республикалық ғылыми конференциялардың материалдары жинағына енген.

Студенттік кезең деген ағын сияқты, өтеді де кетеді, алайда жақсыдан алған тәлімің өшпейді. М. Өтемісов атындағы БҚМУ- менің тәжірибе мектебім, асқаралы қара шаңырағым. Қандай асқарға көтерілсем де, онсыз аттана алмайтын үлкен үйім, өнеге мектебім. Сол білім шаңырағында жас ұстаздық соқпағымды еркін аттауыма үлесін қосқан ұстазым әрқашан қолдау көрсетіп, демеу бола білді. Ал ұстазымның санама құйған сәулесінің жарығы маған әлі талай күндерге жол көрсететініне еш күмәнім жоқ.

*Шаңова Жаннұр Рахметоллақызы,
Педагогика ғылымдарының магистрі,
№41 жаратылыстану-математика бағытындағы
мектеп-лицейінің физика пәні мұғалімі*

ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

"Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз",- деп халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, ұстаздардың әсерлі үнмен,



асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір білім алушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?!

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. "Ұстазды алтын дінгекке теңер едім",- деп ұлы педагог Ы. Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың бірі – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, физика және математика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Сырым Жалел Сырымұлы. Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Жалел Сырымұлы жайлы ерекше ілтипатпен айтуға болады. Ол – ұлағатты ұстаз. Себебі ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Жалел Сырымұлындай ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге.

Жалел Сырымұлы 1946 жылы 14 маусымда Қаратөбе ауданы Темірбек ауылында дүниеге келді. 1953 жылы Темірбек ауылындағы бастауыш мектептің табалдырығын аттап, сабақты үздік оқиды. Жастайынан зерек, алғыр болып математика пәнін сүйіп оқиды. 1961 жылдан бастап Орал қаласындағы №11 мектепте білімін жалғастырады. Математика, физика пәндерінен олимпиадарға қатысып, жүлделі орындар иеленіп, оқуға деген құштарлығы арта түседі. 1965 жылы мектепті бітірген соң Орал педагогика институтына физика мамандығы бойынша оқуға түсіп, білім алады. Институтта өте жақсы оқып, үздік бітіріп, жалпы физика және физиканы оқыту кафедрасының оқытушысы болып жұмыс жасады. 1976 жылы Москва қаласындағы КСРО Педагогика ғылымдары академиясына аспирантураға оқуға түсіп, диссертациясын үздік қорғап шықты. Міне осы

уақыттан бастап осы күнге дейін еліне адал еңбек етіп, өзі секілді халқына қызмет ететін, еліміздің ертеңі үшін аянбай еңбек ететін шәкірттерді тәрбиелеп келеді.

Жалел Сырымұлы «Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, - деген ұлы Абайдың сөзін ұстаздық ету жолындағы өзінің өмірлік қағидасы деп біледі. Ол өзінің бойындағы бар аталық мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытып, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге тәрбиелейді. Міне осыған қарап, «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт» деген сөздің өте орынды айтылғандығын көресің. Шәкірт – ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие алады. Мәселен Абылай хан өзін Төле бидің, Шәкәрім өзін ұлы Абайдың шәкіртіміз деп есептеген. Менде Жалел Сырымұлындай ұстаздың шәкірті болғанымна қуанамын және мақтанышпен айта аламын. 2010 жылы университет табалдырығын аттағаннан бастап, өзінің бар білгенін үйретіп келеді. Барлық жағдайда түсіністікпен қарап, бар мейірімін төгіп, тек білім беріп қана қоймай өмір сүруге деген көзқарасымызды қалыптастырып, ақылын аяған емес. Өз шәкірттерінің өзінің алдында болғанын қалайтын нағыз ұстаз.

Міне менің ұстазым бүгінгі таңда 70 жасқа толып отыр. Бар өмірін шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстазыма деніңіз сау, өміріңіз ұзақ болсын, отбасыңыз аман, ел ертеңі үшін қызмет ететін шәкірттеріңіз көп болсын дегім келеді. Сізге әрдайым бас иемін!

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады,- деген екен. Мен сізді Ұлы мұғалім, нағыз ұстаз деп айта аламын. Сіз – шәкірт жүрегіне жол тапқан Ұлағатты ұстазсыз!

***Құмарова Айнаш Нұрболқызы,**
педагогика ғылымдарының магистрі, физика және математика
кафедрасының оқытушысы*

ҰСТАЗ БОЛУ – ЖҮРЕКТІҢ БАТЫРЛЫҒЫ



Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақылдығы.

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Ұстаз болу – адамның асылдығы...

Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. «Ұстаздық өнер – ұлы өнер» демекші, ұстаз болу екінің қолынан келе бермейді. Ұғынған адамға ұлағатты ұстаздың орны бөлек екен. Сонымен қатар ұстаз жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы былай деген: «Ұстаздық- ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді.» Болашақтың басшысын да, кеншісінде ұстаз өсіреді...Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана сезімді сіңіруші адам- мұғалім.

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деген сөзде қанша мән, мағына жатыр десеңізші. Өйткені шәкірт мұғалімнің еңбегі арқылы оқу, білім, тәлім алады. Мұғалім оқушыны жақсылыққа, ізгілікке, бақытқа жетелейді,-деген Ыбырай атамның қанатты сөзі біздің сүйікті ұстазымыз біз оқыған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің физика-математика кафедрасының оқытушысы, физика ғылымдарының кандидаты, профессор Сырым Жәлел Сырымұлының еңбегін бағалауға жол ашады. Ең алғаш студенттік шаққа қадам басқанда, ересек өмір толқынына ілесіп, ағымымен жүзгенде қарлығаштың қанатымен су сепкендей, ұстаздың мейірін төккен жан - Жәлел Сырымұлы. Ол - жарқын жүзді, мейірімді, қатал да жұмсақ мінезді ұстаз. Қате басқан қадамымда сын көзбен қарап, қолын созса, қуанғанымда ақ тілегімен демеу берген ұстазым Жәлел ағай. Білмегенімді сұрасам, білгенінше түсіндіріп, терең оймен ұғындыра білген ақылшым болған да Жәлел ағай.Ұстаздың әр сабағын мен ғана емес. Топтың әр баласы асыға күтетін.

Ертеңгі мемлекеттің болмысы- ұстаздың бүгінгі тәлімінде. Сіз де тәуелсіз еліміздің ертеңгі жас ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін мамандықтың иесісіз. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту жолындағы еңбектеріңізге

табыс, шығармашылық жетістік, саламатты денсаулық және білім мен ғылымды игеруде шәкірттеріңіздің шапағатына бөлене бергейсіз.

Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап шәкірттердің бойына жеткізе білгеніңізбен қатар, бойыңыздағы бар жинап-терген біліміңізді студенттердің санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, шәкірттеріңіздің білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз.

«Бықсып жанған қоламта емес артымызда шоқ қалсын,
Болашақтың ошағында біз тұтатқан от жансын» деген мақсаты бар біздер сүйікті ұстазымыздың еңбек жолының қарыштап дамуына, білім саласында шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестігімізді білдіремін.

*Кизагалиева А.
Магистрант, 2 курс*

«ҰСТАЗҒА ТАҒЗЫМ»

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Жылда жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Ұстаздар күні де күздің үлесіне тиіпті сонымен қоса кураторымыз Сырым Жалел Сырымұлының 70 жылдық мерейтойы да болғалы отыр. Сізді келіп жеткен мерейтойыңызбен және мерекенізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздің студенттерге көрсеткен қолдауыңыз, көмегіңіз, қамқорлығыңыз ешқашан да ұмытылмайды. Абыройлы міндетті ақаусыз атқарған мұғалімді халқымыз қашанда ерекше құрмет тұтқан. Ұстаздың әр адамның жүрегінен алатын орны айрықша, өзіне қолдау көрсеткен ұстазын еске алмайтын адам кемде-кем. Өзіңізге мықты денсаулық, қажырлы қайрат, толағай табыстар тілей отырып, отбасыңыз бен балаларыңыздың амандығын, еңбек еткен ұстаздық жылдарыңыздың жемісін, ұл-қыздарыңыздың қызықшылығын көре беруіңізге әрдайым шын жүректен тілектестік білдіреміз. Ұлы ғұламалардың да ұстазы болған, сіздің де шәкірттеріңіз өмірде өз орнын ойып тұрып алған айрықша тұлға болғанын білеміз және ұлы ғұламалар шығатынына сенеміз! «Өнегелі ұстаздан жақсы шәкірт шығатыны сөзсіз», -демекші сізге деген құрметіміз мәңгілік!

Ерекше ниетпен: 04304-04305 студенттері

ФОТОСУРЕТТЕРДЕ ЖАЛЕЛ СЫРЫМУҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫ



«Тайманов оқуларынан» кейін, 2010 жыл



Бозымов Қ.Қ., Сырым Ж.С., Иманғалиев А.С., Жақанов І.,
2012 жыл



Университеттің 80 жылдығы қарсаңында
Б. Қ. Даминовпен, Е.Я Коганмен кездесу, 2012 жыл



Физика-математика ғылымдарының докторы, академик
Мұхтарбай Өтелбаевпен кездесу, 2015 жыл



Факультет ардагерлерімен кездесу, 2012 жыл



Олимпиада жүлдегері Денис Тэнмен кездесу, 2015 жыл



Студенттер диплом алған сәттен көрініс

**ПРОФЕССОР, ПЕДАГОГИКА
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ СЫРЫМ
ЖАЛЕЛ СЫРЫМУЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
БИБЛИОГРАФИЯСЫ**

1980

1. Сырым Ж.С. Изучение механических свойств конденсированных систем в курсе физики средней школы: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук / Ж.С. Сырым. – М., 1980.

2014

2. «Механика» курсы бойынша дәрістер конспектісі: оқу-әдістемелік құрал / Ж.С. Сырым, Д.Н. Курмашева. - Текст: непосредственный. - Орал: РБО БҚМУ, 2014. - 138 б.

2015

3. Механика курсы бойынша практикалық сабақтарға арналған әдістемелік құрал: оқу-әдістемелік құрал / Ж.С. Сырым, Л.Е. Суюнғалиева. - Текст: непосредственный. - Орал: РБО БҚМУ, 2015. - 78 б.
4. Оптика пәні бойынша практикалық сабақтарға арналған әдістемелік құрал / Ж.С. Сырым, Ж.Р. Шаңова. - Текст: непосредственный. - Орал: БҚМУ РБО, 2015. - 42 б.

2016

5. Молекулалық физика және термодинамика / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный. - Орал: РБО БҚМУ, 2016. - 69 б.

2019

6. Физикалық анықтамалық: оқу әдістемелік құрал / Ж.С. Сырым, Г.Ш. Қажмұханова, А.Р. Мамыр. - Текст: непосредственный. - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2019. - 276 б.

2020

7. Астрономия пәнінен тапсырмалар мен жаттығулар: оқу-әдістемелік құралы / Ж.С. Сырым, П.М. Марат. - Текст: непосредственный. - Орал: РИЦ ЗКУ им.М.Утемисова, 2020. - 88 б.

2021

8. Физикадан олимпиада есептерін шешудегі оқушылардың функционалды сауаттылығы: оқу-әдістемелік құралы / Ж.С. Сырым, Г.С. Шуйншкалиева. - Орал, 2021.

**ПРОФЕССОР, ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ СЫРЫМ ЖАЛЕЛ
СЫРЫМУҰЛЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ,
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНГРЕСС
КОНФЕРЕНЦИЯЛАРДА ЖАСАЛҒАН
БАЯНДАМАЛАРЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАРЫ
ЖӘНЕ ҚАТЫСЫ**

1976

1. Изучение особенностей проведения физического практикума по молекулярной физике в IX классе / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Новые исследования по методике преподавания физики в средней школе. - Москва, 1976.

1977

2. К методике изучения механических свойств конденсированных систем в курсе физики / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Новые исследования по методике преподавания физики в средней школе. - Москва, 1977.
3. К обоснованию методов нормирования учебного процесса. / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // Проблемы совершенствования преподавания физики, физики твердого тела, космогонии, теплофизики и оптики. - Алма-Ата, 1977. - Вып. 4.
4. Методическая разработка для IX класса по разделу «Молекулярная физика» (к темам №3, 4, 5) / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // НИИ содерж. и методов обучения АПН СССР. - Москва, 1977.
5. Свойства конденсированного состояния вещества / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // Учебные задания для учащихся IX класса. - Москва, 1977.

1979

6. Об изучении механических свойств конденсированных систем в курсе физики средней школе / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Совершенствование преподавания предметов естественно-математического цикла в средней школе. - Москва, 1979.

7. Строение и свойства вещества в конденсированном состоянии / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный / Учебные задания по физике для учащихся IX классов. - Москва, 1979.
8. Учебные задания по физике (9-класс) / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // НИИ содержания и методов обучения АПН СССР. - Москва, 1979.

1980

9. Самопищущий прибор демонстрационный (техничко - педагогическая характеристика, рабочие чертежи, описание демонст. опытов) / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // Материал для обсуждения на расширенном Учебном Совете НИИ ШОТСО АПН СССР. - Москва, 1980.
10. Самопищущий прибор лабораторный (техничко-педагог. характеристика) / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // НИИ содерж. и методов обучения АПН СССР. - Москва, 1980.

1982

11. Учебный задания по физике для учащихся VIII-X кл. (Политехнический практикум) / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // НИИ содерж. и методов обучения. АПН СССР. - Москва, 1982.

1984

12. Из опыта реализации межпредметных связей курса теорической физики и методики преподавания физики в профессиональной подготовке учителей / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // Совершенствования методики преподавания физики в высшей и средней школе. – Алма-Ата, 1984.
13. Методические рекомендации дидактические материалы по использованию микрокалькуляторов в процессе решения задач по механике / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Уральский областной институт усовершенствования учителей. - Уральск, 1984.
14. Пути совершенствования методики решения физических задач на основе применения микрокалькуляторов / Ж.С. Сырым и др. - Текст: непосредственный // Тезисы Всесоюзного семинара. – Сумы, 1984.

1987

15. Методические рекомендации и учебные материалы по использованию микрокалькуляторов в процессе решения задач по физике / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Уральский областной ИУУ. - Уральск, 1987.

1989

16. Использование моделей «черных ящиков» в учебно-воспитательном процессе по физике в средней школе / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Формирование мировоззренческой культуры будущего педагога. - Уральск, 1989.

1991

17. Формирование исследовательских умений и навыков учащихся на основе использования моделей «черных ящиков» / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Формирование исследованных знаний, умений и навыков у будущих учителей физики. - Алма-Ата, 1991.

1993

18. Календарь хижры основанной на сорокалетний цикл / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Тезисы докладов IV конференций молодых ученых Западного Казахстана. - Актюбинск, 1993.
19. Некоторые методические идей учебного пособия / Ж.С. Сырым. - Текст: непосредственный // Тезисы докладов IV конференций молодых ученых Западного Казахстана. - Актюбинск, 1993.

1996

